«Қазақстанның Футбол
Федерациясы» Қауымдастығы»
заңды тұлғалар бірлестігі
Кезекті XXIII
Конференциясының
2023 жылғы 07 қыркүйектегі
№23 хаттамасымен
БЕКІТІЛГЕН

.

«Қазақстанның Футбол Федерациясы» Қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің
Ж А Р Ғ Ы С Ы

Астана қаласы, 2023 жыл

НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕР

ҚФФ – «Қазақстанның Футбол Федерациясы» Қауымдастығы» заңды тұлғалардың бірлестігі.

FIFA – Футбол қауымдастықтарының халықаралық федерациясы.

UEFA – Футбол қауымдастықтарының Еуропалық одағы.

IFAB – Футбол қауымдастықтарының халықаралық кеңесі (ИФАБ), футбол ойын Ережелерін анықтайтын және өзгерте алатын ұйым.

Футбол – FIFA-мен қадағаланатын және ойын Ережелеріне сәйкес ұйымдастырылатын ойын.

Футбол конфедерациясы – FIFA-мен мойындалған бір континентте немесе географиялық аймақта орналасқан Ұлттық футбол қауымдастықтарының тобы.

Ұлттық футбол қауымдастығы – FIFA-ның мүшесі болып табылатын футбол қауымдастығы.

Ойын ережелері – IFAB-пен қабылданған (бекітілген) футбол ойын ережелері.

Футбол лигасы – ҚФФ-мен берілген өкілеттілік негізінде футбол жарыстарын өткізетін коммерциялық емес мекеме.

Футбол клубы – FIFA, UEFA және ҚФФ ережелері мен қағидаларын бұзбайтын және FIFA, UEFA немесе ҚФФ ұйымдастыратын футбол жарыстарына қатысатын заңды тұлға.

Ойыншы – Ұлттық футбол қауымдастығында футболшы ретінде тіркелген жеке тұлға.

Футбол субъектілері – ҚФФ, ҚФФ-ның мүшелері, аймақтық және жергілікті футбол қауымдастықтары, футбол клубтары, футбол бойынша спорттық құрылыстар мен спорттық мектептер, ойыншылар, матч инспекторлары мен делегаттары, футбол төрешілері, делдалдар және матч агенттері, жаттықтырушылар (бапкерлер), жанкүйерлер (көрермендер) және олардың бірлестіктері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аймағында футболға байланысты қызметті жүзеге асырып жүрген өзге де тұлғалар.

Аймақтық қауымдастық - Қазақстанның географиялық ауданына сәйкес өз территориясында футболға байланысты қызметті бақылауды жүзеге асыратын ҚФФ-ның мүшесі. Ол өзіне футболдың әр категориясын ұсынатын жеке клубтарды қосуы мүмкін (мысалы: ерлер, әйелдер, балалар-бозбалалар футболы, футзал және т.б.).

Жергілікті қауымдастық - Қазақстан қалаларының бірінде футболға байланысты қызметті бақылауды жүзеге асыратын ҚФФ-ның мүшесі. Жергілікті қауымдастық, егер футболдың әр категориясын ұсынатын 20 футболдық командасынан астам, кемінде 5 клубты қосатын болса ғана, ҚФФ-на мүшелікке кіру үшін өтініш білдіре алады.

CAS (TAS) – Лозанна қаласындағы (Швейцария) спорт істері бойынша арбитражды сот.

Конференция – ҚФФ-ның жоғары басқару органы.

Атқару комитеті – ҚФФ-ның алқалы атқарушы басқару органы.

Президент – ҚФФ-ның жоғарғы лауазымды тұлғасы.

Заң органдары – әрқашан ҚФФ мүддесі үшін, ҚФФ Жарғысы мен регламенттеріне сәйкес өз қызметін толықтай тәуелсіз негізде жүзеге асыратын және орындайтын ҚФФ-ның комитеттері.

Делдал – еңбек шартын немесе трансфер шартын жасасу (өзгерту, бұзу) мақсатында ойыншылардың және/немесе футбол клубтарының мүдделерін тегін/ақылы өкілдік ететін заңды немесе жеке тұлға.

1– тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы жарғы (бұдан әрі - Жарғы) Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңына, басқа да Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне, FIFA жарғысына сәйкес әзірленген және ҚФФ қызметінің құқықтық мәртебесін, мәнін, мақсаттарын, өкілеттілігі мен негізгі қағидаларын анықтайды .

2. ҚФФ-ның ресми атауы:

1) **толық атауы**:

- **мемлекеттік тілде: «Қазақстанның Футбол Федерациясы» Қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі**;
- орыс тілінде: **Объединение юридических лиц «Ассоциация «Казахстанская Федерация Футбола»**;
- ағылшын тілінде: **Association of Legal Entities «Association «Kazakhstan Football Federation»**.

2) қысқаша атауы:

- мемлекеттік тілде: **Қазақстанның Футбол Федерациясы** немесе **ҚФФ**;
- орыс тілінде: **Казахстанская Федерация Футбола** или **КФФ**;
- ағылшын тілінде: **Kazakhstan Football Federation** or **KFF**.

3. ҚФФ орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Алматы ауданы, Б.Момышұлы даңғылы, ғимарат 5А.

4. ҚФФ-ның ресми тілі болып Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі саналады. Қазақ тілімен бірге орыс тілі немесе ағылшын тілі де қолданылады.

2 – тарау. ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

5. ҚФФ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға болып табылады. ҚФФ өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңын және өзге де Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, FIFA және UEFA жарғыларын басшылыққа алады.

6. ҚФФ FIFA мен UEFA-ның мүшесі болып табылады.

7. ҚФФ, ҚФФ-ның мүшелері, ҚФФ-ның лауазымды тұлғалары, футбол субъектілері және олардың лауазымды тұлғалары мен өкілдері, Қазақстан Республикасында футболмен байланысты әрекет ететін футбол клубтары, ойыншылары және басқа да тұлғалары, сонымен бірге ҚФФ өткізетін шараларға, жарыстарға және футбол матчтарына қатысатын басқа да тұлғалар:

1) ҚФФ, FIFA мен UEFA жарғыларының, ережелерінің және шешімдерінің талаптарын сақтауға міндеттенеді;

2) FIFA жарғысының ережелеріне сәйкес CAS - тың юрисдикциясы мен өкілеттігін мойындайды және дауларды шешуде CAS-қа басымдық береді;

3) осы жарғыны және ҚФФ ережелерін қолдануына қатысты барлық ішкі дауларды ҚФФ заң органдарының қарастыруына беруге міндеттенеді;

4) халықаралық қауымдастық таныған адам құқықтарын сыйлауға және оларды қорғауға септігін тигізуді міндеттенеді;

5) ҚФФ, FIFA мен UEFA жарғылық мақсаттарын қозғайтын мәселелерден басқа, саясат пен дін мәселелеріне қатысты бейтараптық сақтауға міндеттенеді;

6) бірде-бір елге, жеке адамға немесе адамдар тобына қатысты дискриминацияжасамауға, кез келген қатынастарда теңдік және бейтараптық сақтауға міндеттенеді;

7) ҚФФ және қазақстан футболының, FIFA мен UEFA қызметінің, сонымен қатар басқа да әлемдік және қазақстандық футбол субъектісінің беделін түсіретін әрекетті жүзеге асырмауға міндеттенеді.

8) осы Жарғыға байланысты туындайтын барлық тікелей немесе жанама нәрселерді орындауға.

8. ҚФФ заңды тұлға ретінде құқық қабілеттігі Қазақстан Республикасының өкілетті органдарында тіркелген сәтінен бастап туындайды.

9. ҚФФ өз қызметін жариялылық, еркіндік, теңдік, демократия қағидалары негізінде жүзеге асыратын коммерциялық емес, тәуелсіз, өзін-өзі басқарушы ұйым болып табылады. ҚФФ саясатпен дін сұрақтарында бейтараптылық танытады. ҚФФ бастапқы мақсаты пайда табуды көздемейді. ҚФФ-ның қызметінен түскен барлық пайда жарғылық мақсаттарға жету үшін жұмсалады.

10. ҚФФ-ның қызметінде қандай болса да шыққан тегі бойынша, әлеуметтік, қызметтік және мүліктік жағдай-күйі, жынысы, нәсіл, ұлт, тіл, дінге қатынасы, қатал сенімі, тұрған жері немесе өзге де кез-келген жағдайлар бойынша кемсітуге жол берілмейді. Кез келген дискриминациялық факт мүшеліктің тоқтатылуына немесе мүшеліктен шығуына әкеп соғады.

11. ҚФФ қызметінің мерзімі шектелмеген.

3 – тарау. ҚФФ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

12. ҚФФ мақсаттары футболды Қазақстан Республикасының аймағында әділ ойын рухында дамыту және насихаттау, футбол жарыстарын және матчтарын ұйымдастыру және өткізу, футбол клубтарын және өзге де футбол субъектілерін FIFA, UEFA және ҚФФ жарыстарына қатысу үшін олардың бекітілген үлгі қалыптарына сәйкес сертификациялау, футбол субъектілерін әдеп нормалары мен тиісті басқару қағидаттарын сақтай отырып, футболға байланысты мәселелер бойынша халықаралық ұйымдарында мүдделерін білдірі болып табылады.

13. ҚФФ міндеттері:

1) жеке құзіретті орган ретінде Қазақстан Республикасында футболды біртұтас басқару жүйесін құру;

2) Қазақстан Республикасында футболды, оның барлық нысандарында насихаттау мен дамыту (кәсіби, бұқаралық, әйелдер футболы; мини-футбол (футзал); жағажай футболы; ардагерлер футболы; балалар мен жасөспірімдер арасындағы футбол; мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған футбол; интерактивті футбол («киберфутбол»); футбол 6х6, 7х7, 8х8 және футболдың басқа да нысандары);

3) Қазақстан Республикасы заңнамаларының, FIFA, UEFA және басқа да халықаралық футбол ұйымдарының нормативтік актілерінің, сонымен бірге осы жарғының талаптарына сәйкес, футбол матчтарын және жарыстарын ұйымдастыру және өткізу;

4) FIFA, UEFA, ұлттық футбол қауымдастықтары, әлемдік футбол субъектілері және тұлғаларымен достастық және іскерлік байланыстарды қалыптастыру;

5) FIFA, UEFA жарғыларының, регламенттерінің, ережелерінің, шешімдерінің талаптарын сақтау, IFAB-пен қабылданған футбол ойын Ережелерін сақтау;

6) ҚФФ мүшелерінің құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау;

7) Қазақстан Республикасында футболды дамытуға бағытталған басқа да міндеттер.

14. ҚФФ жарғылық мақсаттарына жету үшін келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) ҚФФ мүшелерінің біріккен іс-әрекеттерін үйлестіру;

2) қазақстандық футболдың халықаралық алаңдағы ұстанымын нығайту және абыройын жоғарылату;

3) футболдың барлық түрлері бойынша матчтарды өткізуге бекітілген талаптардың сақталуын қамтамасыз ету;

4) матчтар мен жарыстардың біртұтастылығына қауіп төндіруі мүмкіндігі немесе футбол беделдігіне нұқсан келтіретін барлық әдістер мен тәсілдердің алдын алу (жоғарғы немесе төменгі дәрежедегі дивизионға ауыстыру қағидасын ескере отырып);

5) Қазақстан Республикасының аумағында ҚФФ өткізіетін футболдың барлық түрлері бойынша футбол матчтерін, соның ішінде жолдастық матчтарын өткізуіне бақылау;

6) Футбол бойынша жоғары кәсіби қызметкерлерді даярлау жүйесін құрып іске асыру және оны тұрақты жетілдіру;

7) әр түрлі жастардың және жасөспірімдердің ұйымдарына физикалық салауатты жас ұрпақты тәрбиелеуге көмек көрсету бойынша жұмысты ұйымдастыру;

8) допингке қарсы талаптаржың сақталуын және спорттық футбол шараларын өткізудің қауіпсіздік деңгейін жоғарылатуды қамтамасыз ету;

9) FIFA мен UEFA және ҚФФ-ның жарыстарына қатысу үшін футбол клубтарын олар бекітілген стандарттарға сай келуіне лицензиялау;

10) Қазақстан Республикасының футбол бойынша құрама командаларын қалыптастыру және дайындау;

11) оқу-жаттықтыру үрдісін жүргізуді және Қазақстан Республикасының футбол құрама командаларын жарыстарға және өзге де шараларға қатысуын ұйымдастыру;

12) Қазақстан Республикасы футбол құрама командаларының жаттықтырушыларын, мамандарын таңдауды және орналастыруды жүзеге асыру;

13) Футбол субъектілері арасында туындайтын дауларды шешу ;

14) ҚФФ жарыстарына қатысатын ойыншыларды және басқа да жеке тұлғаларды тіркеу, сонымен қатар FIFA мен UEFA регламенттеріне сәйкес делдалдарды тіркеу;

15) ҚФФ-ның жарыстарына қатысатын футболшылардың, жаттықтырушылардың және өзге де тұлғалардың келісім-шарттарын және FIFA, UEFA, ҚФФ-ның ережелері мен қағидаларына сай трансферлік шарттарын және келісім-шарттарын тіркеу;

16) футбол матчтарын инспекциялау мен төрешілік етуді ұйымдастыру;

17) футбол матчтарының делегаттары қызметін ұйымдастыру;

18) делдалдардың қызметін үйлестіру;

19) футболдан оқу-жаттықтыру жиындарын, семинарлар және басқа да мамандардың біліктілігін көтеруге бағытталған шараларды ұйымдастыру және өткізу;

20) ҚФФ жарыстарына қатысатын жаттықтырушыларды, төрешілерді және өзге де футбол мамандарын сертификациялау;

21) FIFA, UEFA және ҚФФ-ның жарыстары өткізілетін спорттық құрылмаларын сертификациялау;

22) футболды дамытудың отандық және шетелдік тәжірибесін зерделеу және талдап қорыту;

23) қазақстандық футболдың материалдық-техникалық базасын дамытуына жәрдемдесу;

24) бұқаралық ақпарат құралдарында футболды насихаттауды жүзеге асыру;

25) футбол жанкүйерлерімен және олардың бірлестіктерімен жұмыс бойынша шараларды өткізу;

26) футбол проблематикасы тақырыбында әдістемелік, ақпараттық материалдарды әзірлеу және басып шығару;

27) футболды насихаттауға бағытталған көрмелерді, семинарларды, конференцияларды және өзге де шараларды ұйымдастыру және өткізу;

28) ҚФФ-ның футбол бойынша регламенттердін, ережелерді, жарыстар күнтізбесін дайындауу және бекіту, оларды қолданысқа енгізу және Футбол субъектілернің оларды сақтауын қамтамасыз ету;

29) Футбол субъектілерін FIFA, UEFA және ҚФФ жарғыларын, нормаларын және ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту;

30) FIFA мен UEFA жарғыларына және осы жарғыға сәйкес футбол матчтарын теледидар мен радио арқылы таратуды ұйымдастыру құқықтары мен өкілеттіктерін жүзеге асыру;

31) FIFA мен UEFA жарғыларына және осы жарғыға сәйкес ойыншылардың халықаралық және ішкі ауысуы бойынша (трансферлер) құқықтары мен өкілеттіктерін жүзеге асыру;

32) жарғылық мақсаттарға жетуге бағытталған қайырымдылық іс-әрекеті, демеушілік, гуманитарлық және техникалық көмек көрсету;

33) футбол ардагерлерін және басқа да Футбол субъектілерін әлеуметтік қолдау;

34) жарғылық мақсаттарды орындауға бағытталған және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін қызмет.

15. ҚФФ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзінің жарғылық мақсаттарына жету үшін кәсіпкерлік қызметімен тек оның жарғылық мақсаттарына сай

келетіндей ғана айналыса алады. ҚФФ-ның кәсіпкерлік қызметінен алынатын табысы ҚФФ мүшелері арасында бөлісуге жатпайды және ол жарғылық мақсаттарына жұмсалады.

4-тарау. ФИЛИАЛДАР МЕН ӨКІЛДІКТЕР

16. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және осы жарғыда көзделген тәртіп бойынша ҚФФ өзінің тұрған жерінен тыс жерде заңды тұлғалар болып табылмайтын және ҚФФ атынан және оның тапсырмаласы бойынша әрекет ететін филиалдар мен өкілдіктерді құруға және жабуға құқылы.

5-тарау. ҚҰҚЫҚТАР МЕН МІНДЕТТЕР

17. ҚФФ және оның органдары мүшелері адал ойын ұстанымдарына сәйкес бәсекелеске әділдік, адалдық және құрмет көрсету қағидаларын сақтайды.

18. ҚФФ Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған барлық құқықтарға ие.

19. ҚФФ құқылы:

1) банктерде шоттар ашуға;

2) мемлекеттік және басқа тілдерде ұйымның толық атауы бар мөрді, мөртаңбаны және бланкілерді, сондай-ақ заңда белгіленген тәртіппен тіркелген эмблеманы (нышанды) иемденуге;

3) меншігінде оқшауланған мүлікті, сондай-ақ дербес балансты иемденуге;

4) мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иемденуге және жүзеге асыруға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа заңды тұлғаларды құруға, филиалдар мен өкілдіктерді ашуға;

6) қауымдастықтар мен одақтарға, соның ішінде халықаралық қауымдастықтар мен одақтарға кіруге, сондай-ақ олардың қызметтеріне қатысуға;

7) қауымдастықтар мен одақтарға, соның ішінде халықаралық қауымдастықтар мен одақтарға кіруге, сондай-ақ олардың қызметтеріне қатысуға;

8) FIFA, UEFA және ҚФФ ұйымдастырған жарыстарға қатысу үшін футбол клубтарын бекітілген үлгі қалпына сай келуіне қарай сертификациялауды жүзеге асыруға;

9) өзінің бұқаралық ақпарат құралдарын құруға;

10) сотта талап қоюшы және жауапкер болуға;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

20. ҚФФ міндетті:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының, FIFA, UEFA нормативтік актілерін және осы жарғының талаптарын сақтауға;

2) заңда белгіленген тәртіппен салық пен бюджетке міндетті түрде төленетін басқа төлемдерді төлеуге;

3) өзіне тиесілі барлық мүлікпен өзінің міндеттемелері бойынша жауап беруге;

4) IFAB қабылдаған футбол Ойын ережелерін сақтауға;

5) мемлекеттік органдарға және халықаралық ұйымдарға белгіленген мерзімде және белгіленген нысанда хабарлама мен есептерді тапсыруға;

6) футболдан спорттық-бұқаралық шараларды және жарыстарды, сонымен бірге FIFA мен UEFA матчтарының халықаралық күнтізбелерін есепке ала отырып, халықаралық жарыстарды ұйымдастыруға және өткізуге;

7) ҚФФ мүшелерінің, футбол клубтарының, ойыншылардың және өзге де Футбол субъектілерінің арасында пайда болған даулы мәселелер мен жағдайларды шешу үшін мүмкіншілігіндегі бар құралдарын пайдалануға;

21. ҚФФ FIFA мүшелері болып табылмайтын немесе FIFA-ның рұқсатынсыз футбол конфедерацияларының уақытша мүшелері болып табылатын футбол қауымдастықтарымен спорттық қатынастардан және матчтарды өткізуден бас тартады.

6-тарау. МҮШЕЛІК

22. Футболды оның барлық нысандарында (кәсіби, бұқаралық, әйелдер футболы; мини-футбол (футзал); жағажай футболы; ардагерлер футболы; балалар мен жасөспірімдер арасындағы футбол; мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған футбол; интерактивті

футбол («киберфутбол»); футбол 6х6, 7х7, 8х8 және футболдың басқа да нысандары) дамыту және насихаттаумен айналысатын заңды тұлғалар, соның ішінде:

1) аймақтық футбол қауымдастықтары (бірлестіктері);

2) жергілікті футбол қауымдастықтары (бірлестіктері);

3) футбол түрлері (соның ішінде балалар-бозбалалар, жағажай, әйелдер, столүстілік футбол және т.б.) бойынша қауымдастықтар (бірлестіктер.);

4) мүгедектердің футбол қауымдастықтары (бірлестіктері);

5) футбол лигалары;

6) мамандандырылған білім беретін футбол ұйымдары (соның ішінде футбол академиялары);

7) футбол төрешілерінің, жаттықтырушыларының, ойыншыларының, жанкүйерлердің және өзге футболға байланысты іс-әрекетті жүзеге асыратын тұлғалардың қауымдастықтары (бірлестіктері) ҚФФ мүшелері бола алады.

23. ҚФФ мүшелері осы жарғыда көзделген мақсаттарды мойындауға, Конференциямен бекітілген мөлшерде және тәртіпте мүшелік жарналарды тұрақты төлеуге тиіс.

24. ҚФФ мүшелері ҚФФ-на спорттық жағынан бағынып, ҚФФ тарапынан мойындалуы тиіс. Төрелік ету, тәртіптік жауапкершілікті анықтау, лицензиялау, ойыншыларды тіркеу бойынша өкілеттілік, сонымен қатар, ҚФФ өткізетін жарыстардың ашықтығы мен ҚФФ құрылымына қатысты мәселелер кәсіпқой лигаларға берілмейді және тек ҚФФ құзыретінде болуы тиіс. ҚФФ мүшелерінің, аймақтық және жергілікті қауымдастықтардың жарғысы ҚФФ тарапынан келісілуі және аймақтық және жергілікті қауымдастықтарға тиісті минималды талаптарына сәйкес болуы қажет.

25. ҚФФ мүшелері өздерінің ҚФФ-ғы мүшелігіне қатысты кез келген мәселелер бойынша шешімді үшінші тұлғалардан тәуелсіз қабылдауға тиіс. Осы тармақ ұйымның ішкі ұйымдастырушылық құрылымына немесе ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына тәуелсіз қолданылады.

26. ҚФФ мүшелері болып табылатын аймақтық және жергілікті қауымдастықтар құрылтайшыларының кемінде ¾ негізгі жарғылық мақсаттары футболды дамыту және насихаттау болып табылатын заңды тұлғалар болуы тиіс.

27. Егер матчтардың және/немесе жарыстардың тұрақтылығын немесе дұрыс ойын ұстанымын бұзатын жағдай болса, бірде бір жеке, не заңды тұлғаның (олардың ішінде филиалдар мен өкілдіктердің) бақылауында бір футбол клубынан аспауы қажет.

28. ҚФФ өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. ҚФФ мүшелері ҚФФ-ның міндеттемелері бойынша бір жылдық мүшелік төлем мөлшерінде субсидиарлық жауаптылықта болады. Егер ҚФФ міндеттері ҚФФ мүшесінің іс-әрекетінен туындайтын болса, онда ол ҚФФ мүшесі іс жүзінде келтірілген залал мөлшерінде субсидиарлық жауаптылықта болады.

29. ҚФФ мүшелігіне қабылдау туралы шешім Конференцияның ерекше құзыретіне жатқызылған.

30. ҚФФ мүшелігіне кіру үшін кандидаттар келесі құжаттарды ұсынуы қажет:

1) ҚФФ мүшелігіне кіру ниеті туралы өтініш;

2) ҚФФ мүшелігіне кіруге ниеті туралы өкілетті басқару органының хаттамасы;

3) ұйым мөрімен бекітілген жарғы көшірмесі;

4) заңды тұлғаны тіркеу туралы анықтама;

5) заңды тұлғаның атынан қол қоюға, соның ішінде үшінші тұлғалармен келісім-шарттар жасауға құқықтары бар адамдардың тізімі;

6) FIFA, UEFA және ҚФФ жарғыларын, регламенттерін, ережелері мен шешімдерін, IFAB қабылдаған футбол Ойын ережелерін мойындау және сақтау туралы міндеттеме және осы міндеттемені ұйымның жарғысына енгізуді қамтамасыз ету туралы кепілі және оны мушелермен, клубтармен, ресми тұлғалармен, ойыншылармен мойындау;

7) CAS, ҚФФ-ның заң органдарының шешімдерін мойындау және орындау туралы міндеттеме және осы міндеттемені ұйымның жарғысына енгізуді қамтамасыз ету туралы кепілі;

8) барлық «үйдегі» ойындарды Қазақстан Республикасының территориясында өткізуі туралы міндеттеме;

9) кез келген сыртқы өзге факторлардан тәуелсіз барлық ҚФФ-тың, FIFA, UEFA шешімдерін қабылдау туралы міндеттеме;

10) жолдастық матчтарды тек қана ҚФФ-ның келісімімен ұйымдастыру және өткізу туралы міндеттеме.

31. Бас хатшы жазбаша есебімен ҚФФ мүшелігіне кандидаттың барлық құжаттарын Атқару комитетіне жібереді. Атқару комитеті ұсынылған құжаттарды зерттеп білген соң кандидатты ҚФФ мүшелігіне қабылдау туралы мәселені Конференцияның күн тәртібіне қосу туралы шешім қабылдайды. Атқару комитеті Конференцияға ҚФФ мүшелігіне кандидатты қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту туралы жазбаша ұсынысын беруге құқылы.

32. ҚФФ мүшелері құқылы:

1) ҚФФ қызметі туралы ақпарат алуға;

2) ҚФФ органдарына сайлау үшін кандидатураларды ұсынуға;

3) ҚФФ қызметінің мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге;

4) Конференцияның күн тәртібі туралы алдын ала мәліметтер алуға және Конференция отырысына белгіленген мерзім ішінде шақырылуға;

5) осы жарғыда көрсетілген тәртіпте Конференцияның мәжілістеріне қатысуға;

6) Конференция отырысында өзінің дауыс беру құқығын пайдалануға;

7) осы жарғыда белгіленген жағдайда Кезектен тыс Конференцияны шақыруды талап етуге;

8) қолданыстағы заңнамада және осы жарғыда көрсетілген тәртіппен ҚФФ-ның құрамынан шығуға;

9) ҚФФ өткізетін футбол жарыстарына және басқа шараларға қатысуға;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы жарғыға сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

33. ҚФФ мүшелері міндетті:

1) FIF, UEFA және ҚФФ жарғыларының, регламенттерінің, ережелерінің, шешімдерінің және өзге де құжаттардың, IFAB қабылдаған футбол Ойын ережелерінің, ҚФФ құрылтай құжаттарының талаптарын сақтауға және де мұндай талаптарды өзінің барлық мүшелерімен сақтауды қамтамасыз етуге;

2) ҚФФ жарғылық мақсаттары мен міндеттерін насихаттауға, оларды жүзеге асыруда белсенді қатысуға;

3) Конференция бекіткен тәртіпте және мөлшерде мүшелік жарналарды енгізуге;

4) құрылтай құжаттарына, қол қоюға құқығына ие, соның ішінде үшінші тұлғалармен келісім-шарттар жасауға құқылы тұлғалардың тізіміне енгізілген кез келген өзгерістер мен толықтыруларды осы өзгерістер енгізілген күннен 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде ҚФФ-ға жазбаша түрде;

5) мемлекеттегі бүкіл ресми матчтар (үй матчтары) Қазақстан Республикасы аймағында өткізілетіндігін мойындауға, сондай-ақ осы ережені өзінің барлық мүшелерімен орындалуын қамтамасыз етуге;

6) жолдастық кездесулерді ҚФФ келісімімен ғана ұйымдастыруға және өткізуге, сондай-ақ осы ережені өзінің барлық мүшелерімен орындауын қамтамасыз етуге;

7) ҚФФ өткізетін жарыстарға жеке немесе өзінің мүшелері арқылы қатысуға;

8) басқа ұлттық футбол қауымдастықтарының аумағында өткізілетін жарыстарға тек FIFA, UEFA, ҚФФ және жарыс өткізіліп жатқан ұлттық футбол қауымдастығының келісімімен ғана қатысуға, сондай-ақ осы ережені өзінің барлық мүшелерімен орындауды қамтамасыз етуге;

9) CAS және ҚФФ заң органдарының шешімдерін мойындауға және орындауға, сондай-ақ осы ережені өзінің барлық мүшелерімен орындалуын қамтамасыз етуге;

10) бәсекелеске әділдік, адалдық, спорттық мінез-құлық, құрмет көрсету және адал ойын қағидаларын сақтауға, сондай-ақ осы ережені өзінің барлық мүшелерімен орындауды қамтамасыз етуге;

11) ҚФФ қабылдаған шешімдерді жүзеге асыруға;

12) ҚФФ мойындамаған футбол ұйымдарымен немесе ҚФФ мүшелігі тоқтатылған ұйымдарымен спорттық қатынастардан және матчтар өткізуден тартынуға, сондай-ақ осы ережені өзінің барлық мүшелерімен орындауды қамтамасыз етуге;

13) өзінің қаржылық есеп-қисабын тексеру үшін жыл сайын ҚФФ-дан тәуелсіз аудитор компаниясының өкілдерімен аудиторлық тексеріс өткізуге;

14) осы жарғының, FIFA, UEFA және ҚФФ регламенттерінің, ережелерінің және шешімдерінің талаптарынан шығатын өзге де міндеттемелерді орындауға.

34. ҚФФ мүшелерімен өз міндеттерін бұзуы, оларға осы жарғыда көрсетілген санкцияларды қолдануға әкеп соғуы мүмкін.

35. ҚФФ-ға мүшелік төменде көрсетілген жағдайларда тоқтатылуы мүмкін:

1) ҚФФ құрамынан өзінің ықыласы бойынша шығу;

2) осы жарғыда көзделген тәртіппен ҚФФ мүшесі құрамынан шығарылуы;

3) ҚФФ мүшесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға ретінде өз қызметін тоқтатқан кезде.

36. ҚФФ мүшесі өз қалауы бойынша ҚФФ құрамынан қаржылық жыл аяқталғанға дейін 3 (үш) ай мерзімнен кешікпей Конференцияның қарастырылуына жазбаша арызын және ҚФФ мүшесінің өкілетті басқару органының ҚФФ құрамынан шығуға ниеті туралы хаттамасын беру арқылы қаржылық жыл аяқталғаннан кейін шығуға құқылы. Бұл жағдайда ҚФФ мүшесі өзі ҚФФ-нан шыққанға дейін туындаған ҚФФ міндеттемелері бойынша шыққан кезінен бастап 2 (екі) жыл бойына оның өзінің жарнасына бара-бар субсидиарлық жауаптылықта болады.

37. ҚФФ мүшесі FIFA, UEFA немесе ҚФФ-ның жарғыларын, регламенттерін, ережелерін, шешімдерін бұзған немесе ҚФФ-ның материалдық немесе іскерлік атына зиян келтірген іс-әрекет жасаған жағдайда, Конференция мұндай мүшені ҚФФ құрамынан шығарып тастау туралы шешім шығаруға құқылы. Шығарылып тасталған ҚФФ мүшесіне ҚФФ-нан өзінің ықыласымен шығуға қатысты қағидалардағы жауапкершілік қолданылады.

38. ҚФФ мүшесі өзінің міндеттемелерін бұзған кезде, Конференция оның мүшелігін тоқтата тұру туралы шешім шығаруға құқылы. Конференция отырыстарының арасында мүшелікті тоқтата тұру туралы шешімді Атқару комитеті қабылдауға құқылы.

39. Мүшелікті қайта қалпына келтіру немесе мүшелікті тоқтата тұруды ұзарту туралы мәселе, егер осы кезге дейін Атқару комитеті мүшелікті қайта қалпына келтірмесе, Конференцияның келесі отырысында қарастырылу қажет,.

40. Мүшелігін тоқтата тұру туралы шешім шығарылған ҚФФ мүшесі өзінің барлық құқықтарынан айырылады. ҚФФ басқа мүшелері мүшелігі тоқтатыла тұрған ҚФФ мүшесімен спорттық қатынаста болмауы қажет. ҚФФ заң органдары мүшелігі тоқтатыла тұрған ұйымға қатысты басқа да тәртіптік жазалауды қолдануға құқылы.

41. ҚФФ өткізетін жарыстарға кемінде бір жыл бойы қатыспаған аймақтық және жергілікті қауымдастықтар, Атқару комитетінің шешімімен Конференцияда дауыс беруден уақытша шеттетілуі мүмкін.

42. ҚФФ қызметінің аяқталуы ҚФФ-ның барлық мүшелерінің мүшелігі аяқталуына әкеп соғады.

43. Футбол/футзал клубтары ҚФФ-на тек аумақтық және/немесе жергілікті қауымдастықтар, футбол лигалары арқылы ғана еншілес бола алады.

7-тарау. ҚФФ-ның ҚҰРМЕТТІ ПРЕЗИДЕНТІ ЖӘНЕ ҚФФ-ның ҚҰРМЕТТІ ҚАЙРАТКЕРІ

44. Атқару комитеті Конференцияның бекітуіне ҚФФ-ның Құрметті Президенті немесе ҚФФ-ның Құрметті қайраткері кандидатураларын ұсынады.

45. «ҚФФ-ның Құрметті Президенті» және «ҚФФ-ның Құрметті қайраткері» атағын беру Конференциямен жүзеге асырылады.

46. ҚФФ-ның Құрметті Президенті немесе ҚФФ-ның Құрметті қайраткері Конференцияның, Атқару комитетінің барлық отырыстарына кеңесші дайыс беру құқығымен қатысуға құқылы.

8-тарау. ҚФФ ОРГАНДАРЫ

47. ҚФФ органдары:

1) жоғарғы басқару органы – Конференция;
2) атқарушы басқару органы – Атқару комитеті;
3) Сайлау және Апелляциялық сайлау комитттері;
4) жоғарғы лауазымды тұлға – Президент;
5) әкімшілік органы – Бас хатшылық;
6) бақылаушы басқару органы – Тексеру комиссиясы;
7) тұрақты және арнайы комитеттер;
8) заң органдары.

48. ҚФФ органының кез келген мүшесі мүдделері қайшы келуі мүмкін мәселелерді қарастыртырудан және осы бойынша шешім қабылдаудан бас тартуға міндетті.

49. ҚФФ органдарының мүшелері тәуелсіз негізде үшінші тұлғалардың сырттан ықпал жасауынсыз немесе ішкі жақтан әсер етуінсіз және осы жарғыда көзделген жағдайларға сәйкес сайланады немесе тағайындалады.

9-тарау. КОНФЕРЕНЦИЯ

50. Конференция ҚФФ-ның жоғарғы басқару органы болып табылады, ол Атқару комитетімен жылда шақырылады. Конференция Кезекті және Кезектен тыс болу мүмкін. Төрт жылғы өкілеттілік мерзімі аяқталғаннан кейін сайлау мақсатымен өткізілетін Конференция Сайлау Конференциясы деп аталады.

51. Конференция бетпе-бет жүздесу, сырттай және онлайн отырыс түрінде өткізілуі мүмкін. Конференция отырысын өткізу түрі Президент өкімімен немесе ҚФФ Атқару комитетінің шешімімен белгіленеді.

52. Бетпе-бет жүздесу арқылы өтетін Конференция отырысы дауыс беретін ҚФФ мүшелерінің тікелей қатысуы арқылы өткізіледі.

53. Сырттай Конференция отырысы дауыс беруші мүшелердің тікелей қатысуынсыз күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша қағаз жүзінде немесе электронды құжат түрінде дауыс беру бюллетендерін қолдану арқылы өткізіледі.

54. Конференцияның онлайн отырысы техникалық байланыс құралдарын пайдалану арқылы өткізіледі. Онлайн отырыс қорғалған онлайн платформаны пайдалану арқылы және барлық отырыс мүшелеріне алдын-ала хабарлама жіберіліп, барлық қатысушылар бір мезгілде сөйлеп, дыбысты есту мүмкіндігі ескеріле отырып өткізілуі тиіс.

55. Конференцияның онлайн отырысы басталмас бұрын (қажетті кворумды тексергеннен кейін) дауыс беруші мүшелер отырысты онлайн өткізуге келісімдерін беруі тиіс. Қауымдастық мүшелерінің осындай келісімі тиісті отырыстың хаттамасында көрсетіледі.

56. Конференцияның онлайн отырысы кезінде техникалық байланыс құралдарын қолдану ережелері ҚФФ Бас хатшысының бұйрығымен бекітіледі. Қауымдастықтың басқару органдарының отырыстарына қатысу үшін қолданылатын техникалық байланыс құралдары отырысқа қатысушылардың тұлғаларын анықтап, олардың құзыретін тексеруге мүмкіндік беруі тиіс.

57. Егер бетпе-бет немесе онлайн отырыстар кезінде аудио-, бейнежазба құралдары пайдаланылса, барлық отырысқа қатысушылар осы туралы хабардар етіледі және тиісті отырыс жазбасы қағаз жүзінде жасалған хаттамамен тең заңды күшке ие болады. Егер отырыс барысында, ұйымдастырушылар мен қатысушыларға байланысты емес техникалық жағдайларға байланысты бұл шартты орындау мүмкін болмаса, бірақ көпшілігі бір мезгілде сөйлеп, бір-бірін тыңдай алса, отырыс жалғасады, ал уақытша техникалық ақауға байланысты сөйлеп, тыңдай алмаған қатысушылар өз дауыстарын қағаз жүзінде немесе электронды құжат түрінде жолдайды.

58. Отырыстың сырттай түрі ҚФФ мүшелеріне күн тәртібі бойынша барлық материалдар жолдана отырып, дауыс беру бюллетендерін пайдалану арқылы өткізіледі. Конференцияның түпкілікті күн тәртібі мен материалдары отырысты өткізу алдында 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын жолданады. Осындай отырыс қорытындысы бойынша бетпе-бет жүздесу Конференциясы бойынша дайындалған хаттамаға заңды күші тең хаттама дайындалады.

59. Бетпе-бет жүздесу Конференция отырысын өткізуге қатысты, атап айтқанда ұйымдастыру мәселелері, қауымдастық мүшелеріне отырысты өткізу туралы хабарлама жолдау, қажетті кворумды анықтау, шешім қабылдау процесстері және т.б. реттейтін Жарғы ережелері сәйкесінше Конференцияның онлайн және сырттай отырыстарына да қолданылады.

60. Кезекті Конференция мәжілісінің шақыру орнын және күнін, оның өткізілуіне дейін кем дегенде 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Атқару комитеті анықтайды.

61. Конференция жұмысының ұйымдастырылуы Бас хатшылыққа жүктеледі. Кезекті Конференцияның күн тәртібіне қосуға арналған барлық мәселелер мен ұсыныстарды, ҚФФ-ның мүшелері Конференция өткізілетін күнге дейін 20 (жиырма) күнтізбелік күннен кешікпей ҚФФ-ның Бас хатшылығына жазбаша түрде жіберуі қажет.

62. Атқару комитетімен бекітілген Кезекті Конференцияның күн тәртібі ҚФФ-ның мүшелеріне Конференция өткізілетін күнге дейін 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешікпей жіберілу керек.

63. ҚФФ-ның мүшелері Конференцияда қатысуын өз делегатының деректерін (аты-жөнін) көрсете отырып, Конференция өткізілетін күнге дейін 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірмей Бас хатшылыққа жазбаша хабар жіберуі керек.

64. Кезекті Конференцияның күн тәртібіне міндетті түрде келесі тармақтар енгізілу тиіс:

1) Президенттің сәлемдесу сөзі;
2) күн тәртібін бекіту;
3) Конференцияда дауыстарды есептеу үшін 3 (үш) тұлғаны тағайындау;
4) Конференцияның хаттамасын тексеру үшін 3 (үш) делегатты тағайындау;
5) өткен Конференцияның хаттамасын бекіту;
6) өткен Конференциядан кейінгі мерзім ішінде Президенттің және Атқару комитетінің жасалған жұмыстары туралы есебін бекіту;
7) соңғы қаржылық жыл ішіндегі Тексеру комиссиясының есебін бекіту;
8) тәуелсіз аудитордың есебін бекіту.

65. Конференция тек қана күн тәртіпке енгізілген мәселелер бойынша шешім шығарады. Кезекті Конференцияның, ол өткізіліп жатқан уақытта, күн тәртібіне жаңа мәселелерді енгізу туралы ұсыныстар Конференцияға қатысып отырған ҚФФ мүшелерінің 3/4 (төрттен үш) басым дауысымен енгізілу мүмкін.

66. Конференцияда Президент төрағалық етеді. Егер ол болмаған немесе қатыса алмайтын жағдай болса, осы жарғының 118 тармағы қолданылады..

67. Атқару комитетінің мүшелері Конференция мәжілістерінде дауыс беруге құқықтары жоқ. Президент Конференция отырыстарында тең дауыс жиналған жағдайларда, шешуші дауыс құқығына ие болады.

68. Конференцияның ерекше құзыретіне мыналар жатады:

1) ҚФФ-ның құрылтай құжаттарын қабылдау, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу (сонымен қатар осы Жарғыны жаңа редакцияда қабылдау);
2) ҚФФ ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешім қабылдау;
3) ҚФФ-ның мүшелерінің ұсынысы бойынша Президентті сайлау және оның өкілеттілігін тоқтату;
4) ҚФФ-ның мүшелерінің ұсынысы бойынша Атқару комитетінің мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін тоқтату;
5) Атқару комитетінің ұсынысы бойынша тәуелсіз аудиторды тағайындау және өкілеттілігін тоқтату;
6) Атқару комитетінің ұсынысы бойынша мүшелік жарналардың мөлшерін және оларды төлеу тәртібін бекіту;
7) Атқару комитетінің ұсынысы бойынша жекелеген тұлғаларға спорттағы жоғары жетістіктері немесе футболға сіңірген еңбегі үшін «ҚФФ-ның Құрметті Президенті» және «ҚФФ-ның Құрметті қайраткері» атағын беру;
8) Атқару комитетінің ұсынысы бойынша Сайлау комитетінің және Апелляциялық сайлау комитетінің мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін тоқтату;
9) тәуелсіз аудитордың есебін бекіту;
10) Атқару комитетінің және Президенттің есептерін бекіту;

11) атқарушы органдарының қаржылық есептерін ұсыну тәртібі мен мезгілін анықтау, сонымен қатар Тексеру комиссиясының тексеруді жүргізу мен нәтижесін бекіту тәртібін анықтау;

12) заңнамалық актілерде бекітілген шеңберде ҚФФ-ның басқа заңды тұлғаларды құруы немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

13) өз филиалдары мен өкілдіктерін құру немесе олардың қызметін тоқтату туралы шешім қабылдау;

14) ҚФФ құрамына жаңа мүшелерді қабылдау туралы шешім шығару және ҚФФ құрамынан шығарып тастау туралы шешім қабылдау;

15) осы жарғының ережелеріне сәйкес Конференцияда бекіту үшін Атқару комитеті немесе ҚФФ мүшелері ұсынған мәселелер бойынша шешім қабылдау;

16) Конференцияны өткізу процедурасының ережелерін бекіту және оларға өзгерістер енгізу.

69. Конференцияның ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелер ҚФФ-ның басқа органдарының шешуіне берілмейді.

70. Кандидаттарды сайлау жасырын дауыс беру жолымен қабылданады. Егер кандидаттардың саны бос орындар санына тең немесе одан аз болса, Конференция сайлауды ашық дауыс беру тәсілмен өткізу туралы шешім шығаруы мүмкін.

71. Сайлау өткізілген кезде, тұлға бірінші турда, егер де оған басым көпшілік (қатысып отырғандардың жартысы қосу бір дауысты) дауысын берген болса, сайланған деп есептеледі. Егер бірінші турда жеңімпаз белгіленбеген болса, екінші тур өткізіледі, ал мұнда жай көпшілік (көп дауыс) дауысын жинаған тұлға сайланады. Екінші турға бірінші турда ең көп дауыс жинаған 2 (екі) кандидат өтеді.

72. Президент сайлауы Атқару комитетінің қалған мүшелерін сайлауына дейін өткізіледі. Барлық Атқару комитетінің мүшелері жекеше сайланады.

73. Атқару комитеті және/немесе Тексеру комиссиясында бос орын пайда болған жағдайда, келесі Конференция Атқару комитеті және/немесе Тексеру комиссиясының жаңа мүшесін (мүшелерін), егер осы Жарғыда өзгеше жағдайлар қарастырылмаса, Атқару комитеті және/немесе Тексеру комиссиясының қалған мерзіміне сайлайды..

74. Осы жарғының 68-тармағының 1), 2) және 17) тармақшаларында көзделген мәселелер бойынша шешімдер мәжіліске қатысқан ҚФФ мүшелерінің 3/4 (төрттен үш) санымен қабылданады. Конференцияның қалған шешімдері қатысқан ҚФФ мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады.

75. Осы Жарғының 70-тармағынан басқа Конференция күн тәртібіндегі барлық сұрақтар ашық дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Ашық дауыс беру қолдарын жоғарға көтеру әдіспен немесе электрондық санақ арқылы жүзеге асырылады.

76. Конференцияның отырысы, егер оған ҚФФ мүшелерінің кем дегенде 3/4 (төрттен үш) бөлігі қатысатын болса, құқылы деп есептеледі.

77. Кворум болмаған жағдайда, Конференцияның отырысы, соның ішінде Кезектен тыс отырысы, жоспарланған отырыс өткізілген уақыттан бастап 24 (жиырма төрт) сағат кейінге қалдырылу мүмкін және де ол сол орында және сол күн тәртібімен өткізілуі қажет.

78. Конференцияның отырысын қайтадан өткізу үшін кворум қажет етілмейді, бұл жағдайда күн тәртібінің тармақтарына ҚФФ құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, Президентті, Атқару комитетінің, Тексеру комиссиясының мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін тоқтату, ҚФФ мүшелерін қабылдау және шығару немесе ҚФФ ерікті түрде қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім шығару мәселелері қосылмауы қажет.

79. Конференцияның шешімдері хаттама нысанында ресімделеді және оған төрағалық етуші мен Бас хатшының қолдары қойылады.

80. ҚФФ мүшелерімен тағайындалған өкілдер хаттаманы тексерген соң, Конференция хаттамасының көшірмесі ҚФФ мүшелеріне 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жіберілу керек.

81. ҚФФ мүшесіне өкілдік ететін делегат ҚФФ мүшесінің тиісті органымен сайланған немесе өкілеттенген болуы қажет. Конференцияның делегаты біреуден артық ҚФФ мүшесіне өкілдік ете алмайды.

82. ҚФФ әрбір мүшесі Конференцияда бір ғана делегат арқылы өкілдік ете алады, ол Конференцияда бір дауысқа ие болады. Дауыс беруге тек мәжіліске қатысқан ҚФФ мүшелері ғана құқылы.

83. ҚФФ-ның әрбір мүшесі, осы Жарғының90-тармағы 2) тармақшасында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, сайлау үшін Бас хатшылыққа өз кандидаттарының тізімін Сайлау Конференциясы өткізілу күніне дейін 20 (жиырма) күнтізбелік күн бұрын ұсыныс жасауы мүмкін.

84. ҚФФ өзінің мүшелеріне, Конференцияның жұмысында қатысуға тікелей байланысты шығыстардың өтемін қоспағанда, оларға жүктелген міндеттерді орындағаны үшін сыйақы төлеуді жүзеге асыруға құқылы емес.

85. Егер Конференция басқа күнді белгілемесе, Конференция қабылдаған шешімдер олар қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

86. Конференцияны өткізу процедурасының ережесі Конференцияның басқа да жағдайларын реттей алады. Бұл ереже Конференцияда бекітілуі қажет.

87. Кезектен тыс Конференция Атқару комитеттің немесе ҚФФ мүшелерінің кемінде 1/3 (үштен бір) бөлігінің бастамасы бойынша шақырылу мүмкін. Шақыру туралы талапта күн тәртібіне енгізілген мәселелер көрсетілу қажет. Атқару комитеті өзі шешім шығарған немесе ҚФФ мүшелерінен шақыру туралы талаптарын алған күнінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешікпей Кезектен тыс Конференцияны шақырады. Егер Атқару комитеті ҚФФ мүшелерімен талап етілген Кезектен тыс Конференциясын белгілінген мерзім ішінде шақырмаса, ҚФФ мүшелері өздері Кезектен тыс Конференцияны өткізуге құқылы.

88. Кезектен тыс Конференцияны өткізу туралы хабарламаны Бас хатшы ҚФФ-ның әрбір мүшесіне оның өткізілуіне дейін кем дегенде 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жіберіледі және оның мазмұнында Кезектен тыс Конференцияның күн тәртібі және өткізілу орны мен уақыты көрсетілу қажет.

89. Кезектен тыс Конференция оның күн тәртібіне енгізілген мәселелерді шешуге ғана құқылы. Кезектен тыс Конференцияның күн тәртібі өзгертілмейді.

10-тарау. АТҚАРУ КОМИТЕТІ

90. Атқару комитеті 17 мүшеден тұрады. Оның құрамына келесілер кіреді:

1) Президент;

2) ерлер арасында кәсіби командалар/клубтар үшін футболдан жарыс өткізетін футбол лигасынан үш мүше:

– атқарып отырған лауазымына байланысты Атқару комитетіне кіретін футбол лигасының бірінші басшысы;

– сайлау нәтижесі бойынша автоматты түрде Атқару комитеті мүшесі мәртебесін иеленетін құқық белгілеуші құжаттарға сәйкес футбол лигасы сайлаған екі мүше. Жарғының 93 тармағында қарастырылған азаматтық туралы талап футбол лигасы атынан мүше болып отырғандарға таралмайды;

– ҚФФ Конференциясында сайланатын, кем дегенде бір әйел жынысты үміткерді қоса алғандағы 13 басқа мүше.

91. Атқару комитетінің 13 мүшесі ҚФФ мүшелерінің ұсынуы бойынша Конференцияда 4 (төрт) жыл мерзіміне сайланады. Атқару комитетінің футбол лигасының өкілі болып келетін 2 мүшесін осы лиганың уәкілетті органы өкілеттігі 4 (төрт) жылдан аспайтын мерзімге сайлайды.

92. Бір тұлға Атқару комитетінің мүшесі ретінде үш реттен артық сайлана алмайды.

93. Бас хатшы Атқару комитетінің отырыстарына кеңесші дауыспен қатысуға құқылы.

94. Атқару комитетінің мүшесі болып әрекетке қабілетті және сайлау кезінде 75 жасқа толмаған Қазақстан Республикасының азаматы бола алады. Атқару комитетіне жарғының 90 тармағы 2) тармақшасында көрсетілген ережелерді қоспағанда, ҚФФ мүшелерінен бір мезетте бір ғана уәкіл ене алады.

95. Атқару комитетінің мүшелерінде олардың өкілеттілік мерзімі бойы Конференцияда ҚФФ мүшелерінің атынан делегаттар болуға құқықтары жоқ.

96. Атқару комитетінің отырыстары жылына кем дегенде екі рет өткізіледі. Президенттің немесе Атқару комитетің 8-ден (сегізден) кем емес мүшесінің бастамасымен Атқару комитетінің кезектен тыс отырысы шақырылуы мүмкін.

97. Егер Атқару комитеті отырысына оның мүшелерінің жартысынан көп мүшесі қатысатын болса, Атқару комитетінің отырысы шешім қабылдауға құқылы деп саналады. Атқару комитетінің шешімдері көпшілік дауыспен қабылданады. Атқару комитеті сұрастыру жолымен отырыс өткізуі мүмкін.

98. Атқару комитетінің отырыстары жабық түрде өткізіледі. Атқару комитеті өзінің қалауы бойынша отырысқа дауыс беруге құқықтары жоқ үшінші тұлғаларды шақыруға да құқылы.

99. Атқару комитетінің отырыстарында Президент төрағалық етеді.

100. Атқару комитетінің отырысында ол болмаған немесе қатыса алмаған жағдайда осы Жарғының 118 тармағы қолданылады.

101. Егер Атқару комитеті мүшелерінің дауыстары тең болса, төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

102. Атқару комитеті Конференцияның немесе ҚФФ-ның басқа органының құзыретіне жатқызылмаған мәселелер бойынша шешім шығаруға құқылы, соның ішінде:

1) Кезекті және Кезектен тыс Конференцияны шақыру және Кезекті Конференцияның алғашқы күн тәртібін немесе Кезектен тыс Конференцияның соңғы күн тәртібін бекіту;

2) Конференцияның шешімдерін орындауына бақылау жасау;

3) құрылтай құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстарды қарастыру және оларды Конференцияның қарауына енгізу;

4) келесі Конференцияға дейін мүшелікті тоқтата тұру және мүшелікті тоқтата тұрудың күшін жою;

5) Атқару комитеті мүшелері арасынан тұрақты комитеттерінің төрағаларын және тұрақты комиттердің мүшелерін тағайындау және құзыретін тоқтату;

6) арнайы комитеттерді құру туралы шешім қабылдау, олардың төрағалары мен мүшелерін тағайындау және өкілеттілігін тоқтату;

7) FIFA мен UEFA стандарттарына сәйкес Қазақстан Республикасының футбол клубтарын лицензиялау жөніндегі ҚФФ ережесін бекіту және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

8) ҚФФ өткізетін жарыстарға қатысу үшін Қазақстан Республикасының футбол клубтарын лицензиялау жөніндегі ҚФФ ережесін бекіту және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

9) ҚФФ-ның регламенттерін, ҚФФ-ның ережелерін және FIFA мен UEFA матчтарының халықаралық күнтізбелерін есепке ала отырып, ҚФФ-ның ойындар мен жарыстардың күнтізбелерін бекіту және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

10) ҚФФ стипендиясын алу үшін қазақстандық футбол ардагерлерінің кандидатураларын бекіту;

11) ҚФФ-ның эмблемасын (нышанын) және басқа да белгілерін бекіту;

12) ҚФФ-ның Құрметті Президенті және/немесе ҚФФ-ның Құрметті қайраткері атағын беру үшін кандидаттарды Конференцияға ұсыну;

13) тәуелсіз аудитор кандидатурасын Конференцияға ұсыну;

14) FIFA және UEFA жарыстарын, матчтарын және өзге де шараларын өткізу орны ретінде Қазақстан Республикасының кандидатурасын ұсыну;

15) FIFA мен UEFA органдарына сайлану үшін ҚФФ-нан кандидаттарды ұсыну;

16) мүшелік жарналардың мөлшері мен оларды төлеу тәртібі туралы ұсынысты Конференция қарауына енгізу;

17) Атқару комитетімен қабылданған ережелердің, регламенттердің, басқа актілердің ресми түсіндірмесін беру;

18) ҚФФ бюджетін қабылдау;

19) футболдан/футзалдан ұлттық құрамалардың бас бапкерлерінің кандидатураларын бекіту;

20) Тексеру комиссиясына мүшелікке кандидаттарды бекіту үшін Конференцияға ұсыну;

21) Сайлау комитеті мен Апелляциялық сайлау комитеті мүшелеріне кандидаттарды бекіту үшін Конференцияға ұсыну;

22) Заң органдарының төрағалары мен басқа да мүшелерін тағайындау және өкілеттігін тоқтату.

103. Атқару комитеті Атқару комитетінің немесе Тексеру комиссиясының мүшесін, ол өзінің міндеттерін бұзған үшін, сондай-ақ осы жарғыға және ҚФФ шешімдеріне, FIFA мен UEFA жарғыларына және шешімдеріне қайшы келетін іс-әрекеттер жасаған үшін уақытша, келесі Конференцияға дейін босатуға құқылы. Атқару комитетінің немесе Тексеру комиссиясының мүшесін босату туралы соңғы шешімді Конференция өзінің келесі отырысында қабылдайды.

104. Атқару комитетінің мүшесі өзінің қалауы бойынша жазбаша арызы негізінде Атқару комитетінің құрамынан шығуға құқылы.

105. Атқару комитетінің шешімдері төрағалық етуші мен Бас хатшы қол қоятын хаттама түрінде рәсімделеді. Хаттамадан үзінді көшірмеге Бас хатшы қол қояды. Атқару комитеті хаттамасының көшірмесі Атқару комитетінің кез келген мүшесінің талап етуі бойынша жолдануы қажет.

106. Атқару комитеті осы жарғыда көзделмеген, сондай-ақ күшін жеңе алмайтын жағдайлар (форс-мажор) болған кезде, кез келген мәселелер бойынша шешім қабылдай алады.

107. Егер Атқару комитеті басқа күнді белгілемесе, Атқару комитетімен қабылданған шешімдер олар қабылданған күнінен бастап күшіне енеді,.

11-тарау. САЙЛАУ КОМИТЕТІ ЖӘНЕ АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ САЙЛАУ КОМИТЕТІ

108. Конференция Атқару комитетінің ұсынысы бойынша Сайлау комитеті мен Апелляциялық сайлау комитетінің мүшелерін сайлайды.

109. ҚФФ органдарына сайлау тәуелсіз болуы қажет, қандай да бір сырттан араласуға жол берілмейді.

110. Атқару комитетіне, Президент лауазымына кандидаттарды тек ҚФФ мүшелері ғана ұсына алады.

111. Конференция ҚФФ Сайлау регламентін FIFA реттеуші құжаттары негізінде бекітеді;

112. ҚФФ Сайлау регламенті Сайлау комитеті мен Апелляциялық сайлау комитетінің құзыретін анықтап, жоғарыда аталған сайлау өткізу кезінде тиісті субъектілердің негізгі құқықтары мен міндеттерін және бұзушылық болған жағдайдағы жауапкершілікті бекітеді.

113. ҚФФ Сайлау регламентінде осы Жарғыда бекітілген кандидаттарға қойылатын талаптар, сонымен бірге кандидаттардың лайықтылығын тексеру тәртібінен басқа қосымша талаптар бекітілуі мүмкін.

114. Сайлау комитеті мен Апелляциялық сайлау комитетінің мүшелері бір мезгілде Атқару комитетінің мүшесі немесе Бас хатшы лауазымында қызмет жасай алмайды.

12-тарау. ПРЕЗИДЕНТ

115. Президент ҚФФ жоғары лауазымды тұлғасы ретінде ұсынады. Президент Конференцияда 4 (төрт) жыл мерзімге сайланады. Бір тұлға Президент болып 4 реттен артық сайлана алмайды. Президент болып сайлау кезінде 75 жасқа толмаған Қазақстан Республикасының әрекетке қабілетті азаматы сайлана алады.

116. Президент лауазымына кандидаттарды ҚФФ-ның мүшелері ұсынады. Президент лауазымына кандидаттар жөніндегі барлық ұсыныстар Бас хатшылығына Сайлау Конференцияның өткізілу күніне дейін 20 (жиырма) күнтізбелік күннен кешікпей жазбаша түрде жіберілуі қажет.

117. Президент:

1) ҚФФ-қа жалпы басшылықты жүзеге асырады;

2) ҚФФ атынан сенімхатсыз әрекет етеді, ҚФФ мүдделеріне үшінші тұлғаларға қатысты Қазақстан Республикасы аймағында, сондай-ақ оданда тыс аймақтарда өкілдік етеді;

3) Қазақстан Республикасында футболды дамыту стратегиясын анықтайды;

4) Конференция, Атқару комитеті, сондай-ақ мүшесі болып табылатын басқа да комитеттер отырысында төрағалық етеді;

5) Атқару комитеті отырысының соңғы күн тәртібін құрайды;

6) ҚФФ мен оның құрылымдық бөлімшелерінің атынан қаржы мәселесінен басқа кез келген қызмет мәселелері бойынша келісімдер мен меморандумдар жасайды;

7) Атқару комитеті шешімінің негізінде Бас хатшымен еңбек шартын жасасады;

8) Конференцияның немесе Атқару комитетінің құзыретіне жатпайтын ҚФФ-ның мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады;

9) өкім шығару арқылы ҚФФ-ның ұйымдық құрамын, ҚФФ-ның барлық ағымдағы қызметін анықтайтын ұйымдастырушылық ержелерді және штаттық кестені бекітеді;

10) Атқару комитетіне Футболдан/футзалдан ұлттық құрамалардың бас бапкерлерінің кандидатураларын бекіту үшін ұсынады.

118. Президент болмаған жағдайда және/немесе Конференция, Атқару комитеті, сондай-ақ ол мүше болып табылатын барлық комитеттердің отырысына қатыса алмаған жағдайда, оның өкілеттілігі төмендегідей тәртіпте жүзеге асырылады:

1) Конференцияда отырысында Атқару комитеті мүшелерінің арасынан Конференция делегаттарымен тағайындалған бір тұлға төрағалық етеді;

2) Атқару комитетінің, сондай-ақ Президент мүше болып табылатын барлық комитеттердің отырысында тиісінше өз отырыстарында Атқару комитетінің мүшелерімен тағайындалған Атқару комитетінің бір мүшесі төрағалық етеді;

3) Атқару комитетінің мүшелерімен тағайындалған төрағалық етуші отырыстың процессуалдық бөлігін жүргізу өкілеттігін Бас хатшыға беруге құқылы;

4) Президент болмаған жағдайда, Конференция, Атқару комитеті және тиісті комитеттердің отырыстарында төрағалық етушіні тағайындау мәселесін дауыс беруге Бас хатшы шығарады.

119. Президент барлық тұрақты және арнайы комиттердің отырысына кеңесші дауыс беру құқығымен қатысуға құқылы.

120. Президент немесе оның міндетін атқаратын тұлға осы Жарғының 118 – тармағына сәйкес Атқару комитетінің отырыстарында дауыстар тең болған жағдайда шешуші дауыс құқына ие.

13-тарау. БАС ХАТШЫЛЫҚ

121. Бас хатшылық ҚФФ-ның әкімшілік органы болып табылады және Бас хатшының басқаруымен өз қызметін жүзеге асырады. Бас хатшылықтың қызметкерлері ішкі ұйымдастырушылық ережелеріне бағынышты.

14-тарау. БАС ХАТШЫ

122. Бас хатшыны Атқару комитеті Президенттің ұсынысы бойынша тағайындайды және қызметінен босатады, ҚФФ-ның әкімшілік қызметін атқаратын лауазымды тұлға болып табылады.

123. Бас хатшы өзінің міндетін еңбек шарты негізінде жүзеге асырады.

124. Бас хатшы:

1) ҚФФ атынан сенімхатсыз әрекет етеді, ҚФФ мүдделерін үшінші тұлғаларға қатысты Қазақстан Республикасы аймағында, сондай-ақ оданда тыс аймақтарда ұсынады, ҚФФ-ын сотта, мемлекеттік органдарда және басқа да ұйымдарда ұсынады;

2) ҚФФ мен оның құрылымдық бөлімшелерінің атынан әкімшілік-шаруашылық мәселелер бойынша келісімдер мен меморандумдар жасайды;

3) ҚФФ-ның және оның құрылымдық бөлімшелерінің банктік шоттарын ашады;

4) ҚФФ-ның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құқықтық-ұйымдастырушылық, өкімгерлік, қаржы және басқа да құжаттарына қол қояды;

5) ҚФФ мен оның құрылымдық бөлімшелерінің ақшасын және мүлігін иемденеді;

6) ҚФФ мен оның құрылымдық бөлімшелерінің мүддесін қорғау үшін сенімхаттар береді, ҚФФ мен оның құрылымдық бөлімшелерінің барлық қызметкерлеріне міндетті актілер шығарады және тапсырмалар береді;

7) ҚФФ мен оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлерін лауазымға тағайындау туралы, оларды ауыстыру және еңбек қарым-қатынасын тоқтату туралы актілер шығарады, мадақтау шаралары мен тәртіптік жазаларды қолданады;

8) ҚФФ мен оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлерінің лауазымды нұсқауларын бекітеді;

9) тұрақты және арнайы комитеттерінің қызметтерін үйлестіреді;

10) Конференция, Атқару комитеті отырыстарын дайындайды;

11) Конференция отырыстарында дауыс беру құқығынсыз қатысады;

12) Атқару комитеті отырыстарында кеңесші дауыс беру құқығымен қатысады;

13) тұрақты және арнайы комитеттердің отырыстарына қатысуға құқылы;

14) Конференция, Атқару комитеті отырыстарының хаттамаларын жүргізуді ұйымдастырады;

15) ҚФФ мүшелерінің өкілеттіктерін тексереді және Конференция отырыстарында бекітілген дауыс беру рәсімінің сақталуын қамтамасыз етеді;

16) бұқаралық ақпарат құралдарымен ҚФФ-ның материалдарын басып шығару мәселелері бойынша қарым-қатынаста болады;

17) Конференция, Атқару комитеті қабылданған шешімдердің, Президент өкімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

18) ҚФФ-ның атына келген кіріс хабарламаларды, хаттарды есепке алады және қарастырады;

19) ҚФФ филиалдарының және өкілдіктерінің басшыларын тағайындайды және құзыретін тоқтатады;

20) бұйрық шығару арқылы ҚФФ-ның жарыстарын өткізу орны мен мерзімдерін және басқа да мәселелерді анықтайды.

125. Бас хатшы болмаған кезде оның міндеттері Бас хатшының бұйрығымен ҚФФ басшылығы арасынан басқа тұлғаға жүктеледі.

15-тарау. ТҰРАҚТЫ ЖӘНЕ АРНАЙЫ КОМИТЕТТЕР

126. Атқару комитеті ҚФФ-ның футбол жарыстары мен өзге де шараларын дайындау және өткізу үшін, сондай-ақ FIFA мен UEFA және ҚФФ-ның органдары мен бөлімшелері қабылданған шешімдерін орындауды қамтамасыз ету үшін тұрақты комитеттерді құрады. Тұрақты комитеттерінің құрамы Атқару комитетімен бекітіледі. Тұрақты комитеттері төрағадан, төрағаның орынбасарынан және кем дегенде үш өзге мүшесінен тұрады. Тұрақты комитеттерінің төрағалары Атқару комитетінің әрекет етуші мүшелері болу қажет.

127. Атқару комитеті қажеттілігіне қарай тағы да белгілі бір уақыт аралығына арнайы комитеттерді құруға құқылы. Арнайы комитеттерінің құрамы Атқару комитетімен бекітіледі.

16-тарау. ЗАҢ ОРГАНДАРЫ

128. ҚФФ-да тұрақты жұмыс істейтін заң органдары құрылады:

1) Бақылау-тәртіптік комитеті;

2) Апелляциялық комитет;

3) Футбол клубтарын лицензиялау жөніндегі комиссия;

4) Футбол клубтарын лицензиялау жөніндегі апелляциялық комиссия;

5) Әдеп жөніндегі комитет;

6) Дауларды шешу жөніндегі палата;

7) FIFA және UEFA нормативтік актілерінің талаптарына сәйкес басқа органдар.

129. Заң органдарының төрағасы мен мүшелерін Атқару комитеті тағайындайды. Заң органдары мүшелерінің құзырет мерзімі 4 (төрт) жылды құрайды. Заң органдарының сандық құрамын олардың тиісті қызмет жасау қажеттілігіне қарай анықтайды.

130. Заң органдарының қызмет ету тәртібі бекітілген арнайы ережелер арқылы жүзеге асырылады («ҚФФ Тәртіптік регламенті», «ҚФФ әдеп кодексі», «ҚФФ Дауларды шешу жөніндегі палатаның процедуралық ережесі», «Ойыншылардың мәртебесі мен ауысуы жөніндегі ҚФФ регламенті», «ҚФФ лицензиялау бойыша ережелері» және басқалары).

131. Заң органдарының футбол клубтарына, ойыншыларға және өзге Футбол субъектілеріне қатысты қолданатын тәртіптік санкциялар:

жеке және заңды тұлғалар үшін:
1) ескертпе;
2) айыппұл;
3) жеңіп алған ҚФФ марапатарынан айыру.
жеке тұлғалар үшін:
1) ескерту;
2) ойыннан шығару;
3) дисквалификация;
4) киім шешінетін бөлмеде немесе қосалқы орындықта отыруға тыйым салу;
5) стадионға кіруге тыйым салу;
6) футболға байланысты қызметті жүзеге асыруға тыйым салу;
7) қоғамдық футбол жұмыстарына салу.
заңды тұлғалар үшін:
1) ойыншыларды ауыстыруға (трансферлерге) тыйым салу;
2) матчты жанкүйерлерсіз (көрермендерсіз) өткізу;
3) матчты бейтарап аймақта өткізу;
4) матчты белгілі бір стадионда өткізуге тыйым салу;
5) көрермендерді стадионның белгілі бір секторларына кіргізуге тиым салу;
6) матчтың нәтижесін жою;
7) матчты қайта ойнату;
8) шығарып тастау;
9) жеңілісті ұйғару;
10)ұпайды алу;
11)төмен лигаға ауыстыру;
12)тіркелетін ойыншылардың санына шектеу;
13)лицензиядан айыру.

17-тарау. СПОРТТЫҚ АРБИТРАЖ

132. FIFA, UEFA және ҚФФ органдарының ең соңғы және міндетті шешімдеріне апелляциялық шағымдар CAS-та қарастырыуы мүмкін.

133. CAS Ойын ережелері сияқты тек спорт ережелерін қолдануға байланысты, жарыстардың техникалық шарттарына байланысты және де FIFA мен UEFA белгілеген мерзімге уақытша шеттетуге байланысты (допингке байланысты шешімдерден басқа) шағымдарды қарастырмайды.

134. ҚФФ және оның мүшелері CAS-ты мойындайды және оның соңғы шешімдерін, сонымен қатар FIFA мен UEFA органдарының соңғы шешімдерін толық орындауға кепілдік береді.

18-тарау. ФУТБОЛ КЛУБТАРЫН ЛИЦЕНЗИЯЛАУ

135. ҚФФ-те тұрақты қызмет ететін футбол клубтарын лицензиялау бөлімшесі бар.

136. Лицензиялау жөніндегі бөлімшеі Қазақстан Республикасында футбол клубтарын лицензиялау жүйесін даярлайды, іске асырады және дамытады, сондай-ақ футбол клубтарына кеңесші көмегін көрсетеді және ҚФФ-ның ішкі нормативтік және әдістемелік құжаттарын алуға мүмкіншілік береді.

19-тарау. ҚФФ ЖАРЫСТАРЫ

137. ҚФФ футболдан келесі жарыстарды ұйымдастырады және өткізеді (Чемпионаттар, Біріншіліктер, Турнирлер, Кубоктар, Суперкубоктар):
1) Қазақстан Республикасының кәсіпқой футбол клубтары арасындағы жарыстар;
2) Қазақстан Республикасының балалар, жасөспірімдер және жастар клубтары мен командалары арасындағы жарыстар;
3) Қазақстан Республикасының футзал клубтары мен командалары арасындағы жарыстар;
4) Қазақстан Республикасының әйелдер футбол клубтары мен командалары арасындағы жарыстар;

5) Қазақстан Республикасының жағажай футболы бойынша жарыстары;
6) Қазақстан Республикасының бұқаралық футбол командалары арасындағы жарыстар;
7) Халықаралық жолдастық турнирлер мен матчтар.

138. Атқару комитеті жарыстардың жаңа түрлерін қосу немесе бас тарту туралы шешім қабылдайды. Атқару комитеті кез келген жарысты ұйымдастыру және өткізуді ҚФФ-ның мүшесіне/футбол лигасына/тұрақты комитетіне жүктей алады.

20-тарау. КЛУБТЫҚ ЖАРЫСТАРҒА ҚАТЫСУ

139. Клубтың ұлттық деңгейде ұйымдастырылған жарыстарына және FIFA мен UEFA-ның клубтық жарыстарына қатысу үшін ҚФФ-дан сәйкес лицензияны алу туралы талап қойылуы мүмкін.

140. Футбол клубтарын лицензиялау ережелерінде Атқару комитеті клубтар орындауы қажет критерийлерді және клубтарды лицензиялау органдарының сақтауға тиіс лицензиялау тәртібін анықтайды.

141. FIFA мен UEFA-ның клубтық жарыстарына қатысу үшін, сонымен бірге FIFA мен UEFA-ның тиісті органдары анықтаған минималды талаптарын орындау қажет.

21-тарау. ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ

142. ҚФФ-ның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды Тексеру комиссиясы жүзеге асырады, оның мүшелерін Конференция Президенттің ұсынысы бойынша 4 (төрт) жыл мерзімге сайлайды.

143. Тексеру комиссиясы 3 (үш) мүшеден тұрады. Тексеру комиссиясының мүшелері өздерінің өкілеттіктерін атқаратын мерзім ішінде Конференцияда ҚФФ мүшесінің өкілі болуға, Атқару комитетінің немесе заң органының мүшесі болуына құқығы жоқ.

144. ҚФФ-ның қаржы-шаруашылық қызметіне тексерістер жүргізу тәртібі Конференциямен айқындалады.

145. Тексеру комиссиясы ҚФФ-ның қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері бойынша қорытынды жасайды, бұл қорытынды Конференцияның бекітілуіне ұсынылу қажет. Тексеру комиссиясы тек қана Конференцияға есеп береді және тәуелсіз аудитормен біріге істеуге құқылы.

22-тарау. АУДИТОР

146. Атқару комитетінің ұсынысы бойынша Конференцияда ҚФФ-ның қаржылық қызметін тексеру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және есеп-қисаптың тиісті қағидаларын сақтайтын тәуелсіз аудиторды бекітеді. Тәуелсіз аудитор үш жылдық мерзімге тағайындалады.

147. Тәуелсіз аудитордың қорытындылары оларды бекіту үшін Конференция отырысына, сонымен қатар керекті ақпарат үшін FIFA мен UEFA-ға жіберіледі.

23-тарау. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖЫЛ

148. ҚФФ-ның қаржылық жылы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанда аяқталады.

24-тарау. МҮЛІК

149. ҚФФ меншік иелігінде осы жарғыда көрсетілген қызметті материалдық қамтамасыз ету үшін қажетті мүлік, сондай-ақ өз қаражаты есебінен құрылған ұйымдар болуы мүмкін.

150. ҚФФ меншігінде: жер учаскелері, ғимараттар, құрылымдар, құрылмалар, бөлмелер, тұрғылықты қор, дене шынықтыру және мәдени мақсаттағы мүлік, жабдықтар, құрал-саймандар, бағалы қағаздар, ақша-қаражаттар, көлік құралдары және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіп пен негіз бойынша алынған өзге де мүлік болуы мүмкін.

151. ҚФФ-ның мүлкін құрайтын көздер:
1) ҚФФ мүшелерінен түскен түсімдер;
2) ҚФФ-мен ұйымдастырылатын жарыстарға қатысатын футбол клубтарының арыздық жарналары;

3) ерікті мүліктік жарналар, қайырымдылық, демеушілік және ізгілікті жәрдем, соның ішінде шетел ұйымдарынан да;

4) заңнамада белгіленген жағдайларда тауарлар сатудан, жұмыстардан, қызмет көрсетуден түскен түсімдер (табыс);

5) дивиденттер (акциялардан, облигациялардан, басқа да бағалы қағаздар мен салымдардан (депозиттерден) түсетін табыс, сыйақы (қызығушылық);

6) ҚФФ-ның кәдесыйларын және басқа да атрибуттарын сатудан түскен түсімдер;

7) FIFA мен UEFA-дан түскен түсімдер;

8) басқа да заңнамамен тыйым салынбаған түсімдер.

152. ҚФФ қызметінен алынған табыс, оның демеушілерінен, FIFA мен UEFA-дан, басқа да заңды және жеке тұлғалардан түскен ақшалай түсімдер, ҚФФ мүшелері арасында бөліне алмайды және жарғылық мақсаттарына жетуіне ғана бағытталады.

153. ҚФФ келесі шығындарды жүзеге асырады:

1) ҚФФ келесі шығындарды жүзеге асырады;

2) ҚФФ-ның тиісті органдары бекіткен шығындар;

3) ҚФФ-ның жарғылық мақсаттарына жетуге арналған басқа да шығындары.

25-тарау. ЕРЕКШЕ ЕРЕЖЕЛЕР

154. ҚФФ және оның мүшелері футбол қызметінің барысында пайда болатын дауларды қарастырудың FIFA мен UEFA бекіткен тәртібін мойындайды.

155. ҚФФ Қазақстан Республикасының аумағында барлық футбол жарыстарынан және өзге де шараларды өткізуімен байланысты туындаған ерекше құқықтарға, оның ішінде аудиовизуалдық және радио арқылы жазу құқығына, ғаламтор арқылы тарату құқығына, телерадиода тарату құқығына, тікелей эфирде немесе жазып алуды теледидар арқылы толық немесе бір бөлікте, материалды толық немесе бөлек үзінділерді пайдаланумен қорыту түрінде тарату құқығына, маркетинг пен жарнама құқығына, жарыстардың атауларын және олардың символикасын пайдалану құқығына, сондай-ақ зияткерлік меншік құқығына меншік иесі болып табылады.

26-тарау. ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРҒА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

156. ҚФФ-ның құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар ҚФФ мүшелерінің немесе Атқару комитетінің ұсынысы бойынша тек Конференция отырысына қатысқан ҚФФ мүшелерінің санынан 3/4 (төрттен үш) дауысының шешімімен ғана енгізілу мүмкін.

157. ҚФФ-ның құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, әділет органдарында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте тіркелуге тиісті.

27-тарау. ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

158. ҚФФ қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, өзгерту немесе өзге нысана жолымен Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген тәртіпте қайта ұйымдастырылу мүмкін.

159. ҚФФ ерікті түрде (Конференцияның шешімімен) немесе мәжбүрлі түрде (сот шешімімен) Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген негізде және тәртіпте таратылуы мүмкін.

160. Конференция ҚФФ-ны тарату туралы шешім қабылдаған кезде, Конференция бұл туралы ҚФФ тіркеген әділет органына шапшаң жазбаша түрде хабарлауға, тарату комиссиясын тағайындауға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тарату тәртібі мен мерзімін белгілеуге міндетті. Тарату комиссиясы тағайындалған күнінен бастап оған ҚФФ мүлігін және іс-әрекетін басқару бойынша өкілеттілік беріледі.

161. ҚФФ таратылған кезде несие берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлік, ҚФФ мүшелері арасында бөлінуге жатпайды және жарғылық мақсаттарға сәйкес жұмсалу немесе Конференцияның шешімі бойынша ҚФФ сияқты мақсаттарды көздейтің коммерциялық емес ұйымға берілуі қажет.

162. Заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне тиісті жазба енгізілгеннен кейін ҚФФ-ның таратылуы аяқталған, ал ҚФФ жұмыс істеуі тоқтатылған болып есептеледі.

28-тарау. ӨЗГЕ ЕРЕЖЕЛЕР

163. Осы Жарғыда көзделмеген басқа жағдайларда ҚФФ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және FIFA мен UEFA нормативтік актілерін басшылыққа алады.